

Гүлдана Мұхтарбекқызы

Нұрсәуле Тілдабаева

GAMER BALA

Мейірімділік белгісі

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5 қаз)

М86

Мұхтарбекқызы Г., Тілдабаева Н.

М86 GAMER BALA. Мейірімділік белгісі: Балаларға арналған әңгімелер. /

Г. Мұхтарбекқызы, Н. Тілдабаева: – Алматы: Астана-кітап, 2021. – 36 б.

ISBN 978-601-7821-76-0

Санжардың өмірінде үлкен өзгеріс болды. Себебі, оның қарындасы дүниеге келді. Бұл Санжар үшін күтпеген оқиға еді. Енді Санжар не істемек? Сұрақтың жауабын келесі ойыннан іздейді. Бұл жолы оның серігі – мейірімді балапан Элли болмақ. Санжар балапан Эллимен достаса ала ма? Мейірімді болудың қандай құпиясы бар?

ӘӨЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-7821-76-0

©Астана-кітап, 2021

Меҥірімділік белгісі



Құрметті оқырман!

Санжардың өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Себебі, оның қарындасы дүниеге келді. Бірақ бұл Санжарға ұнамады. Енді Санжар не істейді? Сұрақтың жауабын кезекті ойыннан табады. Бұл жолы оның серігі – мейірімді балапан Элли болмақ. Түрлі кезеңдегі сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы балапанның өсуіне көмектеседі.

Балапан жылағанда не істеу керек? Уақытты қалай қызықты өткізуге болады? Санжар балапан Эллидің өсуіне көмектесіп, жақындарына жанашыр болуды қалай үйренді?

Бұл хикая мейірімділік, сүйіспеншілік, бауырмалдық сезімдерін қалай көрсетуге керектігін баяндайды. Нәтижесінде, балалар өз сезімін түсініп, оны басқалармен бөлісуді үйренеді.

Кітаптың тілі жеңіл, жаттап алуға болатын шағын өлеңдермен араласа жазылған. Өңгіменің желісі баланың өзінің ішкі дүниесіне үңіліп, ой түйіп, сезімдерін тануға әсер етеді.

Мазмұны

Санжар	6
Атасымен әңгіме	10
Жылы сөз	14
Уақыт өткізу	18
Марғауға көмектес	22
Сыйлық	24
Құшақтасу	28
Қамқоршы	30
Нағыз аға	32
Ойын	34

Санжар

Санжар отбасының тұңғышы еді. Жақында оның қарындасы дүниеге келді. Қарындасының атын Сая деп қойды. Сая туғанда бәрі қуанды, туыстар жиналды. Үйдің іші түрлі түсті шарларға толып кеткен болатын. Қорап-қорап сыйлықтар келді. Дастарқан жайылып, тәтті торттар әзірленген еді. Санжар осының барлығы өзіне арналған деп ойлады.

